

"Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 42/338-бс шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шымкент қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы № 51/423-бс шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 маусымда № 49 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 72/675-бс шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 15.12.2020 № 72/675-бс шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 42/338-бс шешіміне (бұдан әрі – шешім) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 16 болып тіркелген, 2019 жылғы 23 қаңтарда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді қосымша беру туралы";

шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді қосымша беру тізбесі бекітілсін.";

шешіммен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді қосымша беру тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шымкент қаласының мәслихатының аппараты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жіберуді;

4) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы

мәслихаты сессиясының төрағасы

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

Б.Салимов

Ғ. Ташқараев

Шымкент қаласының
мәслихатының 2019 жылғы
27 маусымдағы № 51/423-6с
шешіміне қосымша

Шымкент қаласының
мәслихатының 2018 жылғы
14 желтоқсандағы № 42/338-6с
шешімімен бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді қосымша беру тізбесі

Р/с №	Атауы	Нозология	Азаматтар санаты
1	2	3	4
1. Қосымша дәрілік заттар			
1	Ацетилцистеин, таблеткалар 600 мг	Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
2	Пентоксифиллин, ұзақ әсерлі таблеткалар 400 мг		
3	Будесонид, ампуладағы ингаляцияға арналған суспензия 0,5мг/мл 2 мл		
4	Бозентан, таблетка 125 мг	Өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
5	Силденафил, таблетка 50 мг		

6	О к т р е о т и д , инъекцияға арналған ерітінді 0,1мг/мл	Гиперинсулинизм	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
7	Ботулиндік токсин кешені А-гемаглютинин, бұлшықет ішіне және тері астына енгізуге арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизат 500ЕД	Сегменттік кранеалды дистонияблефароспазмы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
8	Р у к с о л и т и н и б , таблетка 15 мг	Идиопатиялық миолофиброз	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
9	Урсодезоксихол қышқылы, 250 мг/5 мл	Ағзалар мен тіндерді ауыстырып салғаннан кейінгі жағдай	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
10	Э к у л и з у м а б , инфузияға арналған ерітіндіге арналған концентрат 10мг/30 мл	Паросизмальді түнгі гемоглобинурия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
11	Т о б р а м и ц и н , ампула 300 мг	Муковисцидоз	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
12	Урсодезоксихол қышқылы, капсула 250 мг		
13	Ацетилцистеин, ішуге арналған ерітінді дайындауға арналған 200 мг ерігіш таблеткасы		
14	Колистиметат, ингаляцияға арналған ерітінді дайындауға арналған ұнтақ 80 мг 1000000ЕД		
15	Адалимумаб, инъекцияға арналған ерітінді 40 мг/0,8 мл	Ювенильді идеопатиялық артрит	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
16	Тоцилизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат 200 мг /10 мл, 10 мл		
17	Тоцилизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат 80 мг/4 мл, 4 мл		
18	Агалзидаза бета 35 мгинфузияға арналған ерітінді дайындауға арналған концентратты дайындауға арналған лиофилизат	Фабри ауруы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
19	Риоцигуат, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар 2,0 мг	Созылмалы тромбоэмболиялық гипертензия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
20	Илопрост, ингаляцияға арналған ерітінді 10 мкг/мл 2мл	Бастапқы өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
21	Пенициламин, таблетка 0,25 мг	Жүйелік склеродермия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
22	Алпростадил лиофилизат/ инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат 20 мкг		
23	Метотрексат, инъекцияға арналған ерітінді 50 мг / мл, 12,5 мг/0,25 мл еккіш-қаламда	Ювенильді склеродермия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
24	Ведолизумаб, 300 мг инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат дайындауға арналған ұнтақ		

25	Устекинумаб, 130 мг инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат	Крон ауруы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
26	Устекинумаб, 90 мг концентрат инфузия дайындауға арналған ерітінді		
27	Устекинумаб, 90 мг концентрат инфузия дайындауға арналған ерітінді	Вульгарлы псориаз	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
28	Пирфенидон, 267 мг капсулалар	Идиопатиялық өкпе фиброзы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
29	Эверолимус, 0,25 мг таблетка	Ағзалар мен тіндерді ауыстырып салғаннан кейінгі жағдай	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
30	Ибрутиниб, 140 мг капсула	Мантя аймағындағы жасушаларының лимфомасы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
31	Стирипентол, 500 мг таблетка	Драве Синдромы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
32	Инфликсимаб, 100 мг лиофилизирленген ұнтақ көктамыр ішіне енгізуге арналған ерітінді дайындауға арналған концентрат	Псориатикалық артрит	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
33	Осемиртиниб, 80 мг таблетка	Мидағы метастаздармен өкпе аденокарциномасы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар
2. Қосымша бейімделген емдік өнімдер			
1	Нутриэн стандарт-диеталық емдік тамақтануға арналған теңдестірілген толық қоспасы	Муковисцидоз	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
2	Диеталық емдік тамақтануға арналған тұтас ақуыз негізіндегі қоспа	Крон ауруы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар
3	Диеталық емдік тамақтануға арналған сүт сарысуының гидролизденген ақуыз негізіндегі қоспа	Муковисцидоз	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар